

ҚАСИЕТТІ ҚАРА ШАҢЫРАҚ



Орал ауылшаруашылық техникумы ғимараты



1948 жылдан ОГМТ, 1956 жылдан ОҚТ-ы орналасқан оқу ғимараты
Учебное здание, в котором с 1948 года располагался УГМТ, а с 1968 года - УСТ

Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі – агро өнеркәсіп, құрылыс және мұнай – газ саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын егеменді еліміздің беделі биік оқу орындарының бірі. Колледж тарихы сонау 30- 40 жылдардан бастау алады. 1933-ші жылы БКП(б) ОК- нің ауылшаруашылық бөлімінің шешімімен және ССРО–ның Жер өңдеу жөніндегі Халық Комиссариатының өкімімен бұрынғы Пішен Орталығының жылдық курстарының негізінде Орал агрозоотехникумы құрылды. 1933 жылдың 9-шы қыркүйегінде БКП(б) Батыс Қазақстан облыстық комитетінің бюросы Агрозоотехникумға Мемлекеттік Жер Тресінің бұрынғы ғимаратын (Кеңес төңкерісіне дейінгі көпес Ванюшиннің үйін) беру туралы шешім қабылдады. Пішен орталығының жылдық курстары негізінде агрозоотехникумның құрамына қазақ жастары үшін даярлық бөлімі ашылды. 1933 жылдың 1-ші қыркүйегінен бастап болашақ агрономдар, зоотехниктер және қазақ жастары үшін ашылған даярлық бөлім оқуға кірісіп кетті. 1934 жылғы 28–ші қарашасындағы №6129 бұйрығы негізінде Орал агрозоотехникумы ССРО–

ның Жер өңдеу жөніндегі Халық Комиссариатының жүйесіне Орал ауылшаруашылық техникумы атауымен енеді де, осы жылы оқу орнында мал дәрігерлік бөлімі ашылады.

Жылдар өте техникум орман мелиораторларын, өсімдіктерді қорғау жөніндегі агрономдарды, агротехниктерді, ауыл шаруашылығын жоспарлап, есептейтін техниктерді дайындай бастады. 1952 жылдан бастап сырттай оқу бөлімі ашылып, оқу үрдісі өндірістік тәжірибемен үнемі тығыз байланыста болуға бет бұрды.

1980-ші жылдың 26-шы мамырында Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің №221 Қаулысына және ҚСРО ауылшаруашылық Министрлігінің №498-ші бұйрығына сәйкес Орал ауылшаруашылық техникумы мен Зеленов ауданына қарасты Фрунзе атындағы көкөніс-сүт өндіретін шаруашылық біріктіріліп, Орал кеңестік шаруашылық техникумы болып қайта құрылды. 1992-ші жылдың 3-ші маусымында БҚО әкімшілігінің №146-шы Шешіміне сәйкес, Орал кеңестік шаруашылық техникумы БҚАШИ - ның құрамына енді. Көп ұзамай, 1993-ші жылдың 18-ші маусымында БҚО әкімшілігінің №127-ші Шешімімен Орал ауылшаруашылық техникумы қайта құрылды. 1994 жылдың 19-шы мамырындағы БҚО әкімшілігінің №89-шы Қаулысына сәйкес Орал ауылшаруашылық техникумы «Орал аграрлық колледжі» боп атауын өзгертеді.

ССРО Министрлер Кеңесінің 1948 жылғы 21 қаңтардағы №35 Қаулысына сәйкес гидротехниктік құрылыс техниктерін және мелиорация бойынша гидротехниктерді дайындауды ұлғайту мақсатында Орал гидромелиоративтік техникумы құрылды.

Техникумға көне кірпіш ғимарат бөлінді. Пешпен жылытылатын бұл ғимаратта сабақ үш ауысымда өтетін, соңғы ауысым кезінде бөлмелерді жарықтандыру үшін әр бөлмеге 3 керосин шамы қойылатын.

Кітапхана қоры, оқулықтар мен құрал-жабдықтардың тапшылығы соғыстан кейінгі жылдарға тән болғанымен, оқушылар сабақты зор ынтамен, асқан ыждағаттылықпен, керемет құштарлықпен оқыды.

1956 жылы облысқа құрылысшы – мамандар қажет болғандықтан, құрылыс техникумы болып қайта құрылды. Орал құрылыс техникумын ел көлеміндегі ең үздік оқу орындарының біріне, құрылыс мамандарын дайындаудың ұстаханасына айналдырды. Техникумға бүкіл Одақ көлемінен біліктілік жетілдіру курстарына толассыз келетін мамандар оқу орнының мәртебесі асқақтата түсті. ОҚТ-ы педагогикалық ұжымының жоғары әлуаттілігінің нәтижесінде, ҚКССР-сы Мемлекеттік агроөндірісі жүйесінде сұранысқа ие құрылысшы-техниктер мен есепші мамандар бұл оқу орнында аса сапалы түрде дайындалды.

Ұстаздар ұжымы оқу мен тәжірибені іс жүзінде жүзеге асырып, оқушылар мен бітіріп кеткен түлектерді техникумның жаңа ғимаратын салуға жұмылдырды. 1971 жылы КСРО Ауыл құрылысы Министрлігінің қарауына көшкен ОҚТ-ы оқу-тәрбие және әдістемелік істерде қол жеткізген жоғарғы көрсеткіштері үшін КСРО Ауыл құрылысы Министрлігінің Құрмет Марапаттамаларымен марапатталды.

1986 жылы ОҚТ №551 бұйрықпен Қазақ КСР-інің Мемлекеттік Комитеті қарауына еніп, ал 1995 жылдан бастап «Орал политехникалық колледжі» деп атала бастады. ҚР Үкіметінің 1997 жылы 8 мамырдағы №814 Қаулысына сәйкес Орал политехникалық және Орал аграрлық колледждері біріктіріліп, «Орал аграрлы-техникалық колледжі» атты мемлекеттік мекеме құрылды.

2002 жылдың 7 ақпандағы БҚО әкімдігінің №21 қаулысына сай Қарашығанак мұнай – газ кен орындарын игеру үшін мамандарды даярлау мақсатында Орал аграрлы-техникалық колледжінің атауы «БҚОББ Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжі» МКҚК-ы болып өзгерді.

Техникум құрыла бастаған қиын жылдары алғашқы директорлар болып:

1939-1953 жылдар аралығында техникум басшылығына өз ісінің білгірі И.М. Черных басқарды. Техникум өлкеміз зәру боп отырған мамандарды: мал дәрігерлерін, орман

мелиораторларын, өсімдіктерді қорғау жөніндегі агрономдарды, агротехниктерді, ауыл шаруашылығын жоспарлап, есептейтін техниктерді дайындай бастады.

1953 – 1966 жылдары техникумды И.В.Пряхин басшылық етті. Осы жылдары техникум тың және тыңайған жерлерді игеру үшін мамандар даярлады. 1967 – 1979 жылдары техникумды С.А.Аймағамбетов жетекшілік етті. Оның басшылығымен оқу корпусы, асхана, екі студенттік жатақхана, автономды қазандық және гараж тұрғызылды.

Орал құрылыс техникумының алғашқы директоры Н.Г.Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университетінің түлегі Павел Петрович Москвичев тағайындалды. П. П. Москвичевтің басқару кезінде Республикада алғаш рет бұрғылау шеберлерін даярлау курстары ұйымдастырылды. Ал 1967 жылы Орал құрылыс техникумына директорлыққа тағайындалған, Полтава ауыл құрылысы инженерлері институтының түлегі Самсон Иванович Красюк 30 жыл бойы жемісті еңбек етіп, Орал құрылыс техникумын ел көлеміндегі ең үздік оқу орындарының біріне, құрылыс мамандарын дайындаудың ұстаханасына айналдырды. Техникумға бүкіл Одақ көлемінен біліктілік жетілдіру курстарына толассыз келетін мамандар оқу орнының мәртебесін асқақтата түсті. ОҚТ-ы педагогикалық ұжымының жоғары әлеуеттілігінің нәтижесінде, КҚСР-сы Мемлекеттік агроөндірісі жүйесінде сұранысқа ие құрылысшы-техниктер мен есепші мамандар бұл оқу орнында аса сапалы түрде дайындалды. Оқу, тәрбие және әдістемелік жұмыстарының жоғары көрсеткіші үшін «Орал құрылыс техникумы» КСРО Ауыл құрылысы Министрлігінің Құрмет Марапаттамаларымен марапатталды.

Ұстаздар ұжымы оқу мен тәжірибені іс жүзінде жүзеге асырып, оқушылар мен бітіріп кеткен түлектерді техникумның жаңа ғимаратын салуға жұмылдырды.

«Орал аграрлы – техникалық колледжі» алғашқы директоры болып, 24 мамандық бойынша орта буын мамандарын даярлауда елеулі еңбегімен елге танылған, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент А.Б.Нұғманов басқарды. Оның басшылығымен мұнай- газ және қосымша білім беру бөлімдері ашылды.

Қазіргі таңда осы колледжден алғаш еңбек жолын оқытушы ретінде бастап, әдіскер, кейін оқу – тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары болып жұмыс жасаған ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Серік Хайырұлы Мухамбеталиев басшылық етеді. Серік Хайырұлының шығармашылық бастамасымен колледж материалдық базасын нығайтты, колледж мұнай – газ мамандығы бойынша Республикалық оқу – әдістемелік бірлестігі болып анықталды, «Электрмен қамтамасыздандыру» мамандығы бойынша кредиттік технология мен дуальдық оқытуды енгізу бойынша білім беру Министрлігінің эксперименттік алаңы болып табылады.

Ұзақ жылдар бойы оқу орнына оқу – тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасарлары Щегай Сергей Петрович, Косарев Юрий Георгиевич, Абсатилов Гайса Гарипович сияқты азаматтар өз үлестерін қосты.

Колледж тарихы бетінен ерекше орын алатын оқытушылар: Потлова Галина Андреевна, Почиталин Александр Ефимович, Темиров Мерген Темирович, Клебнева Вера Николаевна, Тимошенко Александр Николаевич, Кабулова Набия Калауовна, Попов Иван Яковлевич, Нургельдина Каншаим Жексенбаевна, Боранова Танзиля Кияловна, Саликова Тамара Александровна, Лукманова Самия Казмағамбетовна, Коломоец Валентина Михайловна, Есенов Чингиз Самерович, Шалиманова Г.П., Карташова Е.И. және т.б.

Қазіргі таңда колледждің дамуына үлес қосып жүрген ардагер – ұстаздар: Айжариков А.М., Накишева А.Н., Абилькаримова Г.Ж., Мишкова В.А., Ермолаева Е.П., Коробкова В.А., Аймуханова С.С., Чумак Г.В., Л.П. Азовскова, Шимко Т.С., Чумак Г. В., Лупинос Л.М.

Өмірлік жолдары мен қызметтері бірнеше ұрпаққа үлгі болатын оқу орнын бітіріп шыққан түлектердің атын үлкен мақтанышпен айтамыз. Бұл – ұлы ақынымыз Жұбан Молдағалиев, Қазақ ССР-інің мал шаруашылығы Министрі және Қазақ ССР-і Мемлекеттік Жоспарлау Комитеті Төрағасы - Құрман Диярұлы Дияров, Кеңестер Одағының ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер – Айтасов Мүсір Иманқұлұлы, Социалистік Еңбек

Ері - Меңдәлиев Кенжебек Меңдәліұлы, техникалық ғылымдарының академигі доктор - Иван Георгиевич Маглецов.

Қабира Салықова - 1955 жылы осы оқу орнын кейін Саратов зооветинститутын бітірген, КОКП-ның XXII съезінің делегаты, бірнеше дүркін Қазақстан КП ОК-нің мүшелігіне және Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды. Жылқының жаңа «Көшім» тұқымының авторы Қазақ ССР-і Мемлекеттік Сыйлығының Лауреаты.

Кульпин Михаил Павлович 1966 жылы құрылыс техникумын бітіріп, Каззаггипросельхозводстрой филиалына жіберіледі, 1972 жылы АШИ тамадайды, «Казсельхозпроект» жобалау институтын басқарады, 1986 жылдан бастап «Казгипросельхоз» институтының бас инженері болады, 1992 жылы «Уральскгорсельпроект» институты директоры, «Газжобалау» ғылыми – зерттеу жобалау институтының директоры.

Ишмақов Талғат Хұсайынұлы екі мәрте Ленин орденінің иегері және Қазақстан ауылшаруашылығына еңбегі сіңген Қызметкер, Чапаев асыл тұқымды мал зауытының директоры орал аул шаруашылық техникумын кейін АШИ бітірді.

Халықтар Достығы орденінің иегері Мәжитова Гүлжу Мәжитқызы-ОАШТ-ын, кейіннен Алматы Жоғарғы ПМ-ін бітіріп, Каменка КОКП АК-нің Бірінші Хатшысы болып қызмет атқарды.

Шамшаева Ғалинұр Ғалимқызы Каменка КОКП АК-нің Бірінші Хатшысы, облыстық Мәслихаттың Хатшысы, табиғатты пайдалану басқармасы бастығы болып қызмет атқарды.

Владимир Федорович Жанко «Уральскпромстрой» бас директоры, «Инжессервис» ЖШС директоры.

80-2000 жылдары бітірген түлектердің ішінен ірі фирмаларда, банктерде, басқару орындарында еңбек етіп жүргендер аз емес. Соның ішінде «Серик «ПСР» ЖШС бас директоры Серик Ролланович Мерғалиев. 1992 жылы құрған Серик Роллановичтің компаниясы аймақтық бизнестің көшбасшысы, облыстағы ірі салық төлемшілерінің бірі болып саналады. Қазақстандағы ірі резеңке техникалық бұйымдарды жеткізуші ретінде танылды. 1998 жылдан бастап облыс аймағында «ТДК – 42» телеканалы телевизиялық хабар таратылымының өз жұмысын бастады. Бұл Астанада акредитацияланған өкілдігі бар Қазақстандағы бірден бір жергілікті канал.

1985 жылы Утебалиев Сабит Джансаевич құрылыс техникумын бітіріп, «Запэлеваторсельстрой» тресінің шебері ретінде өз еңбек жолын бастаған. 2003 жылы құрылыс материалдарын шығаратын «СВ - плюс» ЖШС ұйымдастырып, 70% өнімдері экспортталуда. «СВ - плюс» ЖШС жаңаша технологияларды енгізгені үшін «Алтын сапа» құрмет белгісімен мараптталды.

80 жыл бойы оқу орнының мәртебесі, атауы бірнеше рет өзгерсе де, алайда бір нәрсе өзгеріссіз қалды: ол - елімізге қажетті мамандар даярлауды басты мақсат етіп қойған педагогикалық ұжымның қажымай еңбек еткені.